

СЕКЦИЯЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

I секция

ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАТЫС БАҒЫТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Секция I

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА НА ВОСТОЧНОМ И ЗАПАДНОМ НАПРАВЛЕНИЯХ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨП ҰЛТТЫЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Алибекова А.А., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

Көп ұлтты болуымыз – біздің
байлығымыз, мақтанышымыз...

Тату елге тыныштық орнайды, бейбіт
елде ғана береке болады...

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан - Еуропалық және Азиялық қасиеттері тоғысқан, әлемдегі әртүрлі мәдени және саяси үлгілерді бір жерде тоғыстырған ерекше сипаты бар, Орталық Азиядағы бірегей мемлекет. Қазіргі таңда Елімізде әртүрлі ұлт өкілдері бірге өмір сүруде, сондықтан елдегі ұлт саясаты көп түрліліктің бірлігі тұжырымдамасын ұстанады. Әрине, түрлі дәстүрлер мен мәдениеттердің үндесуі кездейсоқ жасалмаған, оның астарында көптеген тарихи себептер жатыр. Онымен қоса, бізге қазіргі заманауи кезеңде еуразиялық және азиаттық мәдениеттің үздік жетістіктерін игеруге мүмкіндіктер жоқ емес, керісінше артып келеді. Міне осы бағытта еліміздің этносаяси кеңістігінде ұлтаралық бірлік пен идеясы, олардың өзара қарым-қатынастары тәжірибе жүзінде жүзеге асты. Оны елдегі Қазақстан

халықтары ассамблеясының құрылуынан, оның пәрменді іс-әрекетінен көреміз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері этноәлеуметтік кезеңдеудің бірнеше нұсқасын гуманитарлық салада кездестіруге болады. Отандық ғалым Ә.Н.Нысанбаевтың зерттеулерінде «Оңтүстік пен Солтүстік, Шығыс пен Батыс жолдары кездесетін еуразиялық мемлекет ретіндегі Қазақстанның ерекшелігі мен өркениеттік кеңістікте қалай сақтап қалуға болады?» деген мәселені алға тартып, осындай күрделі сұрақтарға жауаптар этникалық мәселелерді шешу тәсілдерімен анықталып, астасып жататындығына тоқталады. Ғалым «Бұл мәселенің шешімін табудың бірнеше амалдары мен шешімдері болғаны және олардың барлығы қоғамдық сана деңгейінде ұсынылғаны баяндалады. Бірінші жауап қазақтың ұлттық санасының жоғары биіктеуімен байланыстырылды. Халықтың тарихын, жадын жоюға болмайтындығын растап туған елдің тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылық артты. Бірақ бұл тарихи тұрғыда заңды және ақтауға тұрарлық, дегенмен этнократиялық бағытты күшейтті. 1993 жылдың Конституциясы өзінің алғашқы позицияларында этнократизм идеологиясын бекіткен еді. Оған жауап ретінде орыс тілді тұрғындардың жаппай миграциясы басталды. Этникалық орыстар - Ресейге, этникалық немістер - Германияға көше бастады. Қазақстаннан кеткен адамдар негізінен жоғары білімді мамандар болатын. Осының нәтижесінде республика тұрғындары 1 миллионға қысқарып, Экономика еңбекке жарамды кадрлардан айырылды» деп есептейді [1].

Қазақстан Республикасы достық пен ынтымақтастыққа ерекше мән беріп отыр. Мемлекеттің біртұтас ел болып қалыптасуының негізі бірлікте. Ал бірлік – халықтың басты жетістігі. Себебі, еліміздің ел болып еңсе түзегеннен бергі берік бірлігі мен ұйымшылдығы, басқа халықтармен одақтасып, достаса білуі қоғам алдындағы көкейкесті мәселелерді шешіп отыр. Оған біздің халқымыз бен талайды өткерген тарихымыз дәлел. Егеменді ел болып, осы уақыт ішінде әлем алдында абыройлы мемлекет атануымыздың бір себебі- тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев айқындап берген бейбітшілік пен келісім және осы бағыттан таймай жүрген халқымыздың ұлттық бірлігі [2]. Онымен қоса Елімізде әлемдік діндердің съезі өтіп, әлем дін өкілдерінің елімізде бас қосуы – біздің бейбітшілік пен келісімді нық ұстанған, ұлттық бірлігіміз

жарасқан ел екендігімізді баяндайды. Енді осы съездердің негізгі тақырыптарына тоқтала кетсек:

I Съездің мақсаты әлемдік және дәстүрлі дін нысандарында жалпы адами бейіндерді іздестіруге, дін келіссөзін жүзеге асыру және келісілген шешімдер қабылдау үшін үнемі әрекет ететін халықаралық конфессияаралық институт құруға негізделді.

II Съезд «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» жалпы тақырыбымен, «Діни сенім еркіндігі және өзге дін өкілдеріне құрмет» және «Дін лидерлерінің халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі» деген екі бағытта өтті.

III Съездің бірінші күні «Өзара құрмет пен ынтымақтастық және толеранттылық негізіндегі әлемді құрудағы діни көшбасшылардың рөлі» атты жалпы отырыс өтті. Ал келесі күні іс-шара «Моральдық және діни құндылықтар», «Сұхбат және ынтымақтастық», «Пікірлестік әсіресе, дағдарыс кезіндегі пікірлестік» атты үш бөлім бойынша жалғасты.

IV-ші Съезд Форумның негізгі тақырыбы «Бейбітшілік пен келісім адамзаттың таңдауы» болды.

V-ші Съездің басты тақырыбы «Бейбітшілік пен даму үшін диалог» болып белгіленді, себебі әлемде тыныштық пен келісімді орнатуға негізгі қадам ымыраға келуге дайын болу [3]. Үш жылда бір рет өткізілетін осы ауқымды шара дінаралық, конфессияаралық және ұлтаралық диалог құрып орнатудың бірегей алаңына айналды. Осы өткізілген форумдар өз шешімін тауып, еліміздің бірлігін одан да жоғары дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев халқына деген қамқорлығы, әсіресе, кемеңгерлік саясаты мен даналық басшылығы осындай биікке өрлеуге негіз салды. Егер жер бетіндегі жетекші діндер білек біріктіріп, тілек тоғыстырса, онда ол жасампаз ұлы күшке айнала алады. Осыны баршадан бұрын ұққан, зерделеген Елбасымыз рухани сенім мен наным иелерінің ғаламдық кеңестерін өткізуге ат салысып, бастамасын бастады.

Жалпы, Қазақстан және Президентіміз Н.Назарбаев әлемдегі бейбітшілік пен келісімді сақтауда көптеген іс – шараларды атқарды. Сонымен қатар, бейбітшілік пен келісімді әрі қарай дамытуда үлкен жобалар мен жоспарларды ұсынып жүрген біден – бір тұлға. Қазақстанның әлемдік аренада оң имиджін қалыптастырудағы маңыздылығын келесі фактілер растайды:

Біріншіден: 1995 жылы 1 наурызда ұлтаралық қатынастарды үйлестіруде әлемде теңдесі жоқ бірегей институт болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы.

Екіншіден: 2007 жылы мемлекеттік деңгейде қабылданған Қазақстан Республикасының «Тілдердің үштұғырлығы» (қазақ, орыс және ағылшын тілдері) ұлттық мәдени жобасын іске асыру Қазақстан Республикасының көпұлтты және ұлттық мемлекет ретіндегі имиджін құруға және насихаттауға ықпал етеді.

Үшіншіден: Қазақстан аумағында тұратын этностардың мәдени мұрасын мемлекет тарапынан қолдау [4].

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. Қазақстандықтардың теңдігің қамтамасыз ету үшін әділеттік принципі мен ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Осыған орай еліміздегі қазақ ұлты мен басқа этикалық топтардың мәдениетін, жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің маңызы зор. Қазақтар Кенес Одағы ыдырап, көптеген ұлттық топтардың өз отанынан жырақта қалған жағдайын жақсы түсінеді. Тоталитаризм жылдарында қазақтардың өзі оның зардаптарын басынан өткерді. Миллиондаған қазақтар шетелге кетуге мәжбүр болып, демографиялық апатқа ұшырады. Кеңестік тоталитаризм қазақ халқының басына да орны толмас бақытсыздықтар әкелді. Ал енді Қазақ жеріндегі өзге ұлт өкілдерінің халық санағы бойынша қарастыратын болсақ:

1897 жылғы санақ бойынша қазіргі Қазақстан жерінде 4 млн 333 мың адам тұрған. Есепке 60 ұлт өкілі алынған. Олардың ішінде:

Қазақтар – 3 392,7 мың адам немесе 81,7%;

Орыстар – 454,4 мың (10,9%);

Украиндер – 79,5 мың (1,9%);

Татарлар – 55,9 мың (1,34%);

Ұйғырлар – 55,8 мың (1,34%);

Өзбектер – 29,5 мың (0,75%) т.т.

Қазақтардың облыстардағы үлес салмағы: Семейде – 90,6%, Торғайда – 88,3%, Оралда – 71,3%, Ақмолада – 62,6%, Сырдария – 60,4%, Жетісуда – 52,1%. Орыстар Ақмола (25,5%) мен Орал (25%) облыстарында көбірек болды.

1939 жылғы ұлттардың саны мен үлесі:

Қазақтар – 2 327 625 адам (37,84%);

Орыстар – 2 458 687 адам (40%);

Өзбектер – 120 655 адам (1,96%);

Татарлар – 108 127 адам;
Ұйғырлар – 35 409 адам (0,58%);
Әзербайжандар – 12 966 адам (0,21%);
Чуваштар – 6 590 адам (0,11%);
Қырғыздар – 5 033 адам (0,08%).
1979 жылы – 5 289 349 (халықтың 36,02%-ы);
1989 жылы – 6 534 616 адам (39,69%-ы).
1990-2018 жылдар Халық саны – 16 009 597 адам.
Қазақтар – 10 096 763 адам болып 63,1%;
Орыстар – 3 793 764 адам болып, 23,7%;
Украиндер – 2,1%;
Ұйғырлар – 1,4%;
Татарлар – 1,3%;
Немістер – 1,1%;
Басқалары – 4,5%-ын құрады [5].

Елдің ел болып, қалыптасуымен ең алдымен, оның бірлігіне, ынтымағына байланысты екені тарихта да, біздің заманымыз үшін де жаңалық емес. Ұлттық бірлікті – мемлекеттің басты кепілі ретінде, айырықша құндылығы екенін түсініп қана қоймай, оны қалыптастырып, сақтай білген елдің іргесіде берік. Қазақстандағы қоныстанған көп ұлтты өкілдер азаматтық, зайырлы, ашық, демократиялық саяси – экономикалық жағынан тәуелсіз қоғам орнатуға бір кісідей жұмылған біртұтас Қазақстан халықтарының толеранттылығын, конфессияаралық және ұлтаралық келісімін, туысқандық бірлігі мен достығын одан әрі дамытып, нығайтуды көздеген Қазақстан халықтары Ассамблеясы өз алдына қойған мақсаттарын абыройлы атқаруда. Оны біз бүгінгі таңдағы еліміздің экономикасының қарыштап дамуы мен елдегі саяси тұрақтылықтан және Қазақстанда мекен ететін барлық ұлыстар мен ұлттардың бір кісідей жұмылып оны әлемнің дамыған зайырлы мемлекеттер қатарына қосуға деген күш - жігерінен байқаймыз. Осы сәтте Еліміздің тарихында жалпы, мемлекеттік құрылымдық ғұмырында ерекше ел болып қалыптасқаннан айта кеткенім абзал. Өзінің тағдыр – талайында, біртұтас бола білудің жауапкершілігін көрсетсе керек.

Осылайша Қазақстан аз уақыттың ішінде әлемдік қоғамдастықтың алдыңғы қатарлы көшіне қосылды. Қазір Қазақстанда елдің ұлттық-мәдени алуандылығын қоғамдық дамудың оң ықпал етуші факторына айналдырудың барлық алғышарттары бар. Бүгінде байтақ елімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстар

патриотизм ұғымын жаңаша түсіне бастады. Олар бұл ұғымды тек ата тегімен ғана байланыстырып қоймай, Қазақстанның мемлекеттілігі, басқа ұлттың мәдениеті мен дәстүріне деген толерантты көзқарас сияқты қасиеттер арқылы қарастыруда. Біздің елдегі қалыптасқан достастық үлгісі қазіргі таңда өзінің тиімділігі мен пайдалылығын бар әлемге паш етіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Нысанбаев Ә.Н. Егемендікке ие болу мен нығаюы жағдайындағы қоғамдық сананың эволюциясы және жаңа құндылықтар жүйесінің қалыптасуы // Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – Астана: Аударма, 2006.- 544 б.

2 Егемен Қазақстан. – 2015. – 1 мамыр. Жұма – №8(28559). – 2 б.

3 Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – рухани үнқатысу алаңы // Егемен Қазақстан газеті. – 2018. – Маусым, 28 б.,

4 Имидж лидера: Психологическое пособие для политиков / Под ред. Е.В. Егоровой-Гантман. – М., 1994. – 265 с.

5 1897-2018 гг. Как изменилось население Казахстана? [ЭР]. Режим доступа: <https://informburo.kz/kaz/1897-2018-aza-halyny-sany-alay-zgerd-.html>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БОСҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ

Дәрібаева А.Е., магистрант,

Медеубаева Ж.М., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

XXI ғасырдағы халықаралық қатынастар жүйесі өткен ғасырмен салыстырғанда тұрақты бола тұра, жаңа саясаткерлер буыны беттеспеген күрделіліктерімен ерекшеленеді. Бұл өзгерістерге жаһанданудың белең алуы бірден бір себеп. Әлем бұрын елестете алмайтындай жылдамдықпен дамып келеді. Әлемның белді саясаткерлері сан жылдар бойы ұлттық мүддеге қауіп төндірген